

"Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оку басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тстандартын бекіту туралы

Мұрагаттық версия

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 214 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2015 жылы 3 маусымда № 11252 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.02.2017 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оку басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.02.2017 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Н. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әдіlet" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Досаев Е.А.
" " 2015 жыл.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 17 сәуірдегі
№ 214 бұйрығымен бекітілген

"Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2019 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2-taraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап - күнтізбелік 50 (елу) күн.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметтің нәтижесін жеткізуді мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің аяқталуына кемінде бір тәулік бұрын қамтамасыз етеді.

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электронды жеткізгіштегілерді сараптамадан өткізуге қабылдау мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлері үшін ағымдағы жылғы қаңтар мен шілде аралығында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейлері үшін ағымдағы жылғы қаңтар мен қазан аралығында үйымдастырылады;

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыруы үшін күтудің барынша рұқсат етілетін уақыты - 15 (он бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілетін уақыты - 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру немесе осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы (тегін) көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет жыл сайын білім саласындағы уәкілетті орган бекітетін барлық білім беру деңгейлеріне арналған оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға ғылыми және педагогикалық сараптама жүргізу бойынша тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – тақырыптық жоспар) енгізілген оқу басылымдарына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7876 болып тіркелген) бекітілген "Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және

мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына" сәйкес ақысыз негізде көрсетіледі. Тақырыптық жоспарға енбекен оқу басылымдарына мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетеу құнын көрсетілетін қызметті беруші 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 120-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен келісе отырып белгілейді.

Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған оқулықтың, оқу-әдістемелік кешенінің және құралдың, қосымша әдебиеттің, электрондық оқулықтың, электрондық оқу басылымының бір баспа табағының сараптамасының құны:

- 1) жаратылыштану циклы бойынша – 15849 тенге;
- 2) қоғамдық-гуманитарлық циклы бойынша – 11887 тенге;
- 3) мәдениеттанушылық циклы бойынша – 9906 тенге.

Білім берудің барлық деңгейлеріне арналған электрондық оқулықтың, электрондық оқу басылымының бір минутының сараптамасының құны – 2678 тенге.

Төлем екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда "Оқулық" орталығының есепшотына жіберу арқылы жүргізіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-га дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін ;

2) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек түрінде көрсетіледі, электрондық кезекті "электронды үкімет" веб-порталы арқылы брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не өзінің өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға түріндегі уәкілетті өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жүргізу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.

Жаңадан әзірленген оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға арналған өтінішке автор, авторлық ұжым туралы мәліметтер (аты-жөні, туған жылы, білімі, мамандығы, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, атағы/категорияы, байланыс деректері) қоса беріледі;

2) құжаттарды тапсырғанда көрсетілетін қызметті алушы жеке басын қуәландыратын құжатты көрсетеді (тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі).

3) оқулықтың (оның ішінде PDF форматындағы электронды нұсқасы), бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқулығының, оқу-әдістемелік кешенің, оқу-әдістемелік құралдың түпнұсқа макетінің, соңғы тұтынушыға арналған бума дағы электронды тасымалдағыштағы оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар үшін электронды қосымшаның, сондай-ақ CD/DVD дискінің үш данасы;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқулықтары, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары үшін пән бойынша оқу бағдарламасы;

5) оқулыққа, оқу-әдістемелік кешенге және оқу-әдістемелік құралға түсіндірме жазба. Түсіндірме жазба қайта дайындалған басылым үшін негізгі тұжырымдамалық ойларынан, өзектілік деңгейін бағалаудан, әзірлеменің жаңашылдығынан, Қазақстан Республикасының Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, ұлгілік оқу бағдарлама талаптарын іске асырудан, қайта басылған оқу басылымдары үшін – автордың (авторлық ұжымның) енгізген өзгерістері мен толықтыруларынан туруы тиіс;

6) оқу пәні бойынша педагог-практиктің, әдіскердің, ғалымның үш рецензиясы;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу басылымдары үшін – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының респубикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің шешімінен үзінді; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқулықтары, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары үшін – мамандықтардың топтары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің шешімінен үзінді;

8) электрондық тасымалдағыштардағы оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар үшін – орнату нұсқаулығы мен пайдалануға арналған еркін нысандағы нұсқаулық;

9) төлемді растайтын құжат: төлем тапсырмасы, төлем туралы квитанция немесе басқасы (сараптаманы ақылы негізде өткізген жағдайда).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Жеке қуәләндіру құжаттары туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісінше мемлекеттік ақпарат жүйесі арқылы алады.

Құжаттар қабылданған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхаттың негізінде, жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда (не оның өкілінің нотариалды қуәландырылған сенімхаты бойынша) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сараптамалық қорытындысының нәтижесін 1 (бір) ай ішінде сақтауды қамтамасыз етеді, содан соң оны көрсетілетін қызметті берушіге әрі қарай 1 (бір) жыл сақтауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде (Нұр-Сұлтан қаласында орналасса, 1 (бір) жұмыс күні ішінде) дайын мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының осы тармағында көрсетілген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттар және (немесе) олардағы деректер (мәліметтер) дұрыс болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуына негіз болады.

3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша түрде

көрсетілетін қызметті берушінің басшысының не оны алмастыруши тұлғаның атына не "Оқулық" орталығы басшысының атына беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымды қабылдаушы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі бойынша шағымға жауап алу орны мен мерзімі көрсетіле отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің қеңесінде тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның филиалының, бөлімінің басшысына жолданады.

Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге қолма-қол және пошта арқылы түскен шағымның қабылдануын растау оның тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі мен тіркеу күні қойылады) болып табылады.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпарат бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта бойынша, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Мемлекеттік корпорацияның қеңесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылықтары бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800-080-7777 телефондары арқылы өтініш беру жолымен Мемлекеттік корпорация қызметкері тұрғылықты жерге барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы:

1) "Оқулық" орталығының okulyk-edu.kz интернет-ресурсында;

2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 27-98-50, 8 (7172) 76-83-04. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

"Мектепке дейінгі, бастауыш,
негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оку орнынан кейінгі
білім берудің оку басылымдары
бойынша авторларға және
авторлар ұжымына
сараптамалық қорытынды
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрлігінің "Оқулық"
респубикалық ғылыми-
практикалық орталығы"
респубикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
директорына
Кімнен

(тегі, экесінің аты
(бар болған жағдайда))
мекенжайы:
телефоны:

Өтініш (жеке және занды тұлғалар үшін)

_____ баспасы (авторы (авторлар ұжымы), әзірлеуші)
әзірлеген _____ атаптамадағы "_____ " оку әдебиетіне
сараптама жасауды және (орта білім беру деңгейінің оқулықтарын) баспа

оқулығының PDF форматындағы электрондық нұсқасының жалпы жүртшылыққа қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығының <http://www.okulyk-edu.kz> интернет-ресурсына "Жоба" белгісімен орналастыруды сұраймын.

Білім деңгейі _____.

№	Атауы	Санаты (оқулық, мұғалімге арналған күрал, дәптер және тағы басқа)	Әзірлеу формасы (қағаз, электронды)	Кайта басылған (жанаңдан әзірленген)	Авторлары	Жас тобы (сынып немесе мамандық)	Әзірлеу тілі
1	2	3	4	5	6	7	8

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қоргалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

(өтініш берушінің қолы)

"___" 20 ___ жыл.

Көрсетілетін қызметті алушының қолы, мөр (занды тұлға үшін)

Өтінішті беру күні "___" 20 ___ жыл.

Қабылдады: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

"___" 20 ___ жыл.

"Мектепке дейінгі, бастауыш,
негізгі орта, жалпы орта,
техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі, жоғары және
жоғары оқу орынан кейінгі
білім берудің оку басылымдары
бойынша авторларға және
авторлар ұжымына
сараптамалық қорытынды беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған жағдайда)
немесе ұйымның атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ белімі (мекенжайы көрсетілсін) "Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу басылымдары бойынша авторларға және авторлар ұжымына сараптамалық қорытынды беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауызызга байланысты бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) _____

—;

2) _____

—...

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметкері)

_____ (қолы)

Орындаушы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) (қолы)

Телефон _____

Алдың:

(тегі, аты, әкесінің аты (көрсетілетін қызмет алушының қолы)

(бар болған жағдайда))

"___" ____ 20__ жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК